



# ЖАСТАР ӘЛЕМІ МИР МОЛОДЕЖИ

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті \* Карагандинский государственный университет имени академика Е. А. Букетова

## Бүгінгі номерде

**КОНСТИТУЦИЯ –  
Қазақстан Республикасының  
құқықтық жүйесін  
қалыптастыру негізі**

бет. 2

**КОНСТИТУЦИЯ – основа  
формирования**

**правовой системы**

**Республики Казахстан**

стр. 3

**Академик Е. А. Бөкетов  
атындағы ҚарМУ-дың  
40 жылдығы қарсаңында!**

бет. 4-5

**НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА –  
важная составляющая  
обучения в университете**

стр. 7

**Сегодня в номере**

# 1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ



# С ДНЕМ ЗНАНИЙ!

## Знакомство с альма-матер



1 сентября в КарГУ им. Е.А.Букетова пройдут торжественные мероприятия, посвященные Дню знаний. По традиции знакомство первокурсников с университетом состоится 1 сентября на площади «Жастар аланы», где в 9.00 пройдет торжественный митинг, во время которого первокурсники произнесут клятву университета. Затем для студентов ректор КарГУ, заслуженный деятель РК, профессор Е.К.Кубеев прочтет актовую лекцию. Студенты первого курса и колледжа КарГУ во время экскурсии познакомятся с различными подразделениями университета. День знаний завершится первенством по футболу среди студентов, проживающих в общежитии. А уже 2 сентября начнутся занятия, и первокурсники с головой окунутся в студенческую жизнь.

ПРЕСС-СЛУЖБА КАРГУ

## Қымбатты студенттер, қадірменді әріптестер!

Сіздерді Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл жыл – ел тарихында ерекше орын алатын жыл. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ойынша, Тәуелсіздік мерейтойы мемлекет тарихы үшін аса жарқын уақиғаға айналып, барлық қазақстандықтардың жасампаз еңбекшілдік пен Отанның гүлденуіне үлес қосуларына түрткі болуы керек. Біздің әрқайсысымыз Қазақстан Тәуелсіздігін нығайту үшін өзіндік күш қоса аламыз. Еліміз бізден жаңа ғылыми жұмыстар, инновациялық жобалар, ғылыми, шығармашылық, спорттық жетістіктер мен азаматтық бастамаларды күтеді.

Жылдар бойы Қарағанды мемлекеттік университеті өзінің айтулы тарихында отандық білім беру жүйесінде көп бастаушы ұстанымын сақтап келеді. Университет өмірлік табыс кілтіне айналған профессорлық-оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен студенттердің білім ордасына қосқан үлесі орасан зор. Классикалық білім берудің дәстүрлерін сақтай отыра, біздің университет ғылыми әрі білім беру инновацияларын белсенді түрде енгізуде, әлемнің жетекші университеттерімен серіктестікті дамытып, Қазақстан дамуының мемлекеттік стратегиясын жүзеге асыруға қатысады.

Оқытушылар құрамы мен студенттерді Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекесі қарсаңында Білім күнімен құттықтай келе, ғылыми зор жетістіктер, гүлдену, сәттіліктер, амандық, бақыт тілеймін.

АКАДЕМИК Е. А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
РЕКТОРЫ ПРОФЕССОР Е.К. КӨБЕЕВ

## Дорогие студенты, уважаемые коллеги!

Поздравляю вас с Днем знаний! Этот год – особый в истории нашей страны. По мнению Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева, юбилей Независимости должен стать наиболее ярким событием в новейшей истории государства, побудить всех казахстанцев к созидательному труду и достижениям на благо процветания нашей Родины. У каждого из нас есть возможность сделать личный вклад в укрепление казахстанской Независимости. Страна ждет от нас новых научных разработок, инновационных проектов, научных, творческих, спортивных побед, гражданских инициатив.

На протяжении всех лет своей славной истории Карагандинский государственный университет занимает лидирующие позиции в системе отечественного образования. В этом заслуга профессорско-преподавательского коллектива, сотрудников и студентов, для которых университет стал основой жизненного успеха. Сохраняя традиции классического образования, наш университет активно внедряет научные и образовательные инновации, развивает сотрудничество с ведущими университетами мира, участвует в реализации государственной стратегии развития Казахстана.

Поздравляя коллектив преподавателей и студентов с Днем знаний, в преддверии празднования 20-летия Независимости Казахстана желаю высоких научных достижений, дальнейшего процветания, успехов, благополучия, счастья.

РЕКТОР КАРГУ ИМ. АКАДЕМИКА Е. А. БУКЕТОВА  
ПРОФЕССОР Е. К. КУБЕЕВ

# КОНСТИТУЦИЯ – Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін қалыптастыру негізі

Конституция қазіргі демократиялық мемлекеттің құқықтық жүйесінде ерекше орынға ие және құқықтық мемлекеттің негізі белгілерінің бірі болып табылады. Конституцияның болуы – заңдылықтың, құқықтық тәртіптің және билік институттарының тұрақтылығының міндетті шарты. Конституция мемлекеттік биліктің қызмет етуімен, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етумен, сонымен қатар мемлекет құрылымымен және билеу формасымен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, кейіннен құқықтық реттеудің әр түрлі формаларында бөлшектенетін анағұрлым маңызды формалар мен қағидаларды айқындайды.

Қазақстан Республикасының Ата Заңы тұрақтылықтың, конфессияаралық және ұлтаралық келісім кепілі болып қалады. Конституцияда келісім, тұрақтылық, барлық тілдер мен мәдениеттерді дамыту, экономикалық өрлеуге ұмтылу сияқты біздің қоғамның негізін қалайтын басты қағидалар анықталған. Конституцияны жасаудың қайнар көзі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев болды. Оның басшылығымен мемлекеттіліктің, нарықтық экономиканың заңнамалық негіздері құрылды, егемен Қазақстанның дамуының стратегиялық бағыттары анықталды. Бейбіт сыртқы саясат пен ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету – дәл осы факторлар арқылы біздің еліміз БҰҰ мойындаған әлемдік эталон болып табылады.

Ата Заңның баптарынан және басқа да деректерден Конституция шынында да Қазақстанның құқықтық жүйесін қалыптастыру негізі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Конституцияның құндылығы оның маңызды құқықтар мен бостандықтарға кепіл болуында ғана емес – бұл қоғамның дамуының үлкен мүмкіндіктеріне негіз болатын құжат. Оның мемлекет пен қоғамның әрі қарай дамуы үшін құндылығын бір-қатар қорытындылармен қалыптастыруға болады:

Біріншіден, бұрын қолданыста болғандардан айырмашылығы, 1995 жылғы Конституция негізінен елдегі нақты жағдайдан және жаңа жағдайлардағы қоғамның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық саяси және рухани-өнегелі дамуынан көрініс береді.

Екіншіден, Ата Заңның негізгі идеясы жақын арадағы сияқты, алдағы тарихи келешекте де қазақстандық қоғамның әр түрлі қоғамдық-саяси күштерінің келісімі мен ымырасын қамтамасыз ету қажеттілігіне келіп саяды. Бұл Конституцияны саяси тұрақтылықтың маңызды факторына, азаматтық бейбітшіліктің, әлеуметтік және ұлттық келісімнің кепіліне айналдырады.

Дегенмен, қазіргі уақытта, 1995 жылы өзінің Конституциясын қабылдаған демократиялық Қазақстан әлі де өтпелі кезеңді бастан кешіруде және ұлттық құқықтық жүйе қалыптасуы, бекітілу және Конституцияның тікелей қолданысының нәтижелерін, елдің мемлекеттік және қоғамдық өмірінің барлық салаларында заңдылық пен құқықтық тәртіптің тиісті жүйесін орнатуға оның рөлін түсіну кезеңінде болып табылады.

ҚР 2007 жылдың 21 мамырындағы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы Қазақстанның конституциялық реформасының жаңа кезеңін белгілеп берді.

Конституциялық реформа ұсынған негізгі мақсаттар қазақстандық қоғамның тұрақтылығын сақтап қалу, әрі қарай да толеранттылық таныту және мемлекеттегі демократияландырудың жаңа кезеңін қамтамасыз ету болып табылады.

Конституциялық новеллалардың басты нәтижесі республикамыздың президенттік-парламенттік басқару жүйесіне айқын қадам жасауы болып табылады. Басқару формасын айқындаудың басты ерекшелігі Парламенттің атқарушы биліктің жоғарғы сияқты, жергілікті органдарын да қалыптастырудағы жоғары өкілетті орган ретіндегі өкілеттілігінің артуы болып табылады.

Бұл тұрғыда конституциялық түзетулердің нәтижесінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Үкіметті қалыптастырудағы, сонымен қатар атқарушы билік органдарының қызметін бақылаудағы өкілеттілігі айтарлықтай арттырылды. Конституцияның 56 бабына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жағдайын бекітетін өзгерту енгізілді. Қазіргі уақытта Республиканың Премьер-Министрін тағайындауға келісімді бұрынғыдай Парламенттің екі палатасы емес, Мәжіліс береді, бұл Мәжілістің жағдайын бекіте түседі. Республиканың Премьер-Министрінің кандидатурасын Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Конституциясының 44 б. 3 т. сәйкес

Мәжілісте ұсынған саяси партиялардың фракцияларымен кеңескеннен кейін ғана Мәжілістің қарастыруына ұсынады. Бұл жағдайда елдің жоғарғы заң шығарушы органының қызметіне саяси партиялардың шынайы қатысуының іргетасы нығаяды деп жоспарланады, бұл барлық демократиялық мемлекеттерге тән.

Жоғарыда айтылғандай, Үкіметтің жоғарғы өкілетті орган алдындағы жауапкершілігі артады. Бұл Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіру үшін көп дауыс жинауымен көрсетіледі (Конституцияның 56 б. 2 тармағы). Сонымен қатар, Парламент Мәжілісі есеп беруді тыңдау қорытындылары бойынша қарапайым дауыс көпшілігімен ғана Үкіметтің жекелеген мүшелеріне де сенімсіздік білдіруге құқылы. Бұл жағдайда палатаның депутаттары Үкімет мүшесі республиканың заңдарын орындамаған жағдайында оны қызметінен босату туралы Президентке ұсыныс жасайды. Жоғарыда көрсетілген конституциялық новеллалар қазақстандық мемлекеттілікті қалыптастырудағы Парламенттің рөлін жаңа сапалы деңгейге көтеруге арналған.

Конституциялық реформаны жүзеге асыру келесі бағыттар бойынша жоспарланып отыр:

- Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілеттілігінің көлемін, сонымен қатар жалпы депутаттық корпусының санын арттыру арқылы оның рөлін күшейту;
- Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлаудың пропорционалды жүйесін енгізу арқылы Қазақстан Республикасының сайлау жүйесін демократияландыру;
- Парламенттік көпшілік демократиялық қағидасының негізінде Үкіметті қалыптастыру және Қазақстан Республикасы Парламентінің Үкімет қызметіне қатысты бақылау функцияларын күшейту;
- өлім жазасының фактілік ыдыратылуына, тұтқындауды соттық санкциялау, сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қамтамасыз етуді мақсат ететін орталық және жергілікті билік органдарының бақылау және қадағалау қызметін күшейтуге бағытталған Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекеттілігінің дамуындағы адам құқықтарының рөлі мен маңызы күшейе түседі. Омбудсмен институтының, сонымен қатар ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның азаматтық қоғам институттарының қызмет етуіндегі рөлі мен маңызы артады.

Конституциядағы Үкіметті ұйымдастырудағы және оның қызмет етуіндегі жеңіл шыққан партияның саясатын жүргізуге бағытталған парламенттік көпшілік партиясының рөлін арттыруға қатысты өзгерістер де ерекше назар аударуға лайық.

Негізінен идеал құрылымнан бас тартпай (заң шығарушылық билік бүкіл халыққа тиесілі), Ш. Монтескье үлкен мемлекеттерде бұл мүмкін еместігін және кішкене мемлекеттерде де оның үлкен ыңғайсыздықтар тудыратындығын, сондықтан «халық өзі істей алмайтын нәрсені өкілдері арқылы жүзеге асыруы» қажет дегенді айтады. Аталмыш теорияны көпұлтты Қазақстанда тәжірибе жүзінде дамыта отырып, қазіргі уақытта Қазақстан Халқы Ассамблеясы болып өзгертілген Қазақстан Халықтары Ассамблеясының жұмыс тәжірибесі үлкен қызығушылық тудырады.

Қазақстандық қоғамды нығайту мақсатында осы конституциялық институттың рөлін күшейту ерекше мақұлдауды тудырады, ол Республикадағы ірі этностардың мүдделерін ескеруге себептесетін Мәжіліс депутаттарын ұсыну құқығына ие. Қазақстан халқы Ассамблеясы конституциялық мәртебеге ие болып келеді, бұл оның көп ұлтты, көп конфессиялы Қазақстандағы рөлі мен беделін жаңа сатыға жоғарылатады.

Конституцияның 44 бабы келесі ережелермен толықтырылды, Республика Президенті Қазақстан халқы Ассамблеясын осы бапқа сәйкес құрады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту идеясы айтарлықтай нәтижелі болып табылады, мәслихатқа жергілікті өзін-өзі басқару негізі ретіндегі негізгі рөл берілді. Халықтың жергілікті өзін-өзі басқару құқығы Қазақстан Республикасының әрбір азаматының жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру құқығымен қамтамасыз етіледі. Ол ҚР Конституциясының 89 бабында бекітілген, оған сәйкес азаматтар тікелей, өз өкілдері арқылы да жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға тең құқылы болып табылады. Азаматтарға жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау және оларға сайлау құқығы, мемлекеттік қызметке тең қолжетімділік құқығы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жүгіну құқығы кепіл етіледі. Осыған байланысты тиісті Әкімдерді тағайындауға келісім беру құқығын иеленетін мәслихаттардың өкілеттігін арттыруға бағытталған өзгерістер жағымды болып табылады. Мәслихаттардың өздері сияқты мәслихат депутаттарының да жауапкершілігі артады, олар аймақтар мен облыстар деңгейіндегі саяси күштің жаңа орталықтарына айналады. Олардың Әкімдерге деген ықпалы айтарлықтай артады, себебі депутаттар бұрынғыдай дауыс санының үштен екі бөлігімен емес, қарапайым көпшілік дауыс берумен Әкімге сенімсіздік білдіре алады.

Саяси және мемлекеттік биліктің барлық субъектілерінің: Президенттен жергілікті өкілетті органдарға дейін өкілеттіктерінің тең мерзімге белгіленуі дұрыс деп санаймыз.

Қызметін кеңейту жолымен биліктің өкілетті органдарының рөлін күшейту ҚР Парламенті – Республиканың жоғарғы өкілетті органы қабылдаған Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясына енгізілген негізгі түзету болып табылды.

Конституцияға енгізілген аталмыш толықтырулар мен өзгертулер биліктің атқарушы органдарының қызметіне мониторинг жүргізу барысында жүзеге асырылатын өкілеттіліктердің кең шеңберін ұсынады. Конституцияға қабылданған өзгертулер мен толықтыруларды қазақстандық конституционализмнің қалыптасуындағы тарихи кезең деп сеніммен айтуға болады.

Азаматтық қоғамды әрі қарай құру мақсатында Қазақстанда Үкіметтік емес ұйымдардың және кәсіпшілер одақтарының, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі бекітілетін болады, бұл халқымыздың жоғарғы құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының әрі қарай қалыптасуына көмектеседі.

Конституциялық реформа Қазақстанда тұлға мен қоғам мүддесі үшін өткізіледі, демократиялық үдерістердің әрі қарай дамуына, халықты билеу институттарының қалыптасуына себептеседі, мұның қазақстандық қоғамның саяси жүйесін жетілдіру және

қазақстандық парламентаризмді қалыптастыру үшін жағдай жасайтындығы сөзсіз.

Қазақстан Республикасының бұдан әрі конституциялық дамуы ең алдымен, еліміздің Ата Заңында негізі қаланған демократиялық идеялар мен құндылықтардың шынайы жүзеге асырылуына байланысты. Бүгінгі таңда демократиялық дәстүр мен қазақстандық мемлекеттіліктің тәжірибесі тұлғаның құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қоғамның мемлекет қорғауындағы басты құндылықтары деп жариялауға мүмкіндік береді. Мемлекет азаматтарды қорғау құралы ретінде жалпыға танымал демократиялық бостандықтар мен құндылықтарды жариялап қана қоймай, оларды жүзеге асыратын органға айналуы керек.

Қорытындылай келе, кез келген мемлекетте Конституция маңызды заңды, саяси және идеологиялық құжат болып табылатындығын айта кету керек. Сонымен қатар Конституция конституация ғана болып табылмайды, ол қоғам мен мемлекеттің алдына стратегиялық міндеттер қоятын, қоғам мен адамның өмір қызметінің барлық салаларында әрі қарай даму бағытын анықтайтын бағдарламалық құжат болып табылады.

Қазақстан Республикасында өткізілетін конституциялық реформалар қоғамның саяси жүйесін демократияландыруға бағытталған, осыған байланысты конституциялық новеллаларды, сонымен қатар Қазақстан Конституциясындағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес енгізілген өзгерістерді әрі қарай зерттеу қазіргі конституциялық-құқықтық ғылымның басым міндеттерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың заң шығарушылық қызметіндегі анағұрлым маңызды міндеттер мен басым бағыттардың бірі әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады. Елбасы өз Жолдауының бірінші жолдарынан бастап реформалаудың бастапқы кезеңіндегі жүйелі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі маңызды міндеттерді шешу үшін қазақстандық қоғамды нығайтудың «ядросына» айналған Қазақстанның даму Стратегиясын негізге алуы кездейсоқтық емес.

Экономикалық дағдарыстардың анағұрлым қауіпті салдары әлеуметтік жарылыс болып табылатындығы жалпыға мәлім: дағдарыстық жағдайдағы әлеуметтік орта саяси тұрақсыздыққа алып келетін маңызды даулы мүмкіндіктерді жинақтауы мүмкін. Осыған байланысты қазақстандық қоғам бетпе-бет кездесіп қалуы мүмкін жаңа үндеулер тұрғысында бірінші кезекке әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету міндеті шығады, оның мәні әлеуметтік көрсеткіштерді шекті мүмкіндікті деңгейден төмен түсірмей сақтап қалу болып табылады.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев жүзеге асырып отырған құқықтық мемлекетті құру бағыты мен тұрақты саясат біздің жас мемлекетіміздің тарихында бірнеше рет ел үшін жауапты сәттерде қазақстандық қоғамның жұмылуына және бірігуіне себептесті. Бүгінгі таңда тағы да осындай сәт туып отыр, тұрақтылыққа деген президенттік бағыт ағымдағы кезеңнің күрделі міндеттерін шешуге қоғамның күшін жұмылдыратын өзекті элемент ретінде қызмет етіп отыр.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры профессор Е. Қ. КӨБЕЕВ



# КОНСТИТУЦИЯ – основа формирования правовой системы Республики Казахстан

Конституция занимает особое место в правовой системе современного демократического государства и является одним из необходимых признаков правового государства. Наличие конституции — обязательное условие законности, правопорядка и стабильности институтов власти. Конституция регулирует общественные отношения, связанные с функционированием государственной власти, обеспечением прав и свобод граждан, а также с устройством государства и формой правления, устанавливает наиболее важные нормы и принципы, которые затем детализируются в различных формах правового регулирования.

Основной Закон Республики Казахстан остается гарантом стабильности, межконфессионального и межнационального согласия. В Конституции определены главные принципы, на которых строится наше общество, — согласие, стабильность, развитие всех языков и культур, стремление к экономическому прогрессу. У истоков создания Конституции стоял глава государства Нурсултан Назарбаев. Под его руководством созданы законодательные основы государственности, рыночной экономики, определены стратегические направления развития суверенного Казахстана. Миротворительная внешняя политика и обеспечение внутривнутриполитической стабильности — именно по этим факторам наша страна является мировым эталоном, признанным ООН.

Из статей Основного Закона и других источников можно сделать вывод, что Конституция действительно является основой формирования правовой системы Казахстана. Ценность Конституции не только в том, что она гарантирует важнейшие права и свободы; это документ, в котором заложен большой потенциал развития общества. Ценность ее для дальнейшего развития государства и общества можно сформулировать рядом выводов.

Во-первых, в отличие от ранее действовавших Конституция 1995 года в принципе отражает фактическое положение в стране и реальные потребности социально-экономического, общественно-политического и духовно-нравственного развития общества в новых условиях.

Во-вторых, основная идея Основного Закона заключается в том, что необходимо обеспечить согласие и компромисс различных общественно-политических сил казахстанского общества как на ближайшую, так и на более отдаленную историческую перспективу. Это делает Конституцию важнейшим фактором политической стабильности, гарантом гражданского мира, социального и национального согласия.

Тем не менее в настоящее время демократический Казахстан, принявший свою Конститу-

цию в 1995 году, все еще переживает переходный период, и национальная правовая система находится в фазе становления, закрепления и осмысления результатов непосредственного действия Конституции, ее роли в установлении надлежащего режима законности и правопорядка во всех сферах государственной и общественной жизни страны.

Закон РК «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан» от 21 мая 2007 года ознаменовал собой новый этап конституционной реформы Казахстана.

Основными целями предложенной конституционной реформы является сохранение стабильности казахстанского общества, дальнейшее проявление толерантности и обеспечение нового этапа демократизации в государстве.

Главным результатом конституционных новелл явилось то, что наша республика совершила определенные шаги в сторону президентско-парламентской формы правления. Главным отличием при определении формы правления является возрастание полномочий Парламента как высшего представительного органа в формировании как высших, так и местных органов исполнительной власти.

В этом плане в результате конституционных поправок значительно расширены полномочия Парламента Республики Казахстан как в формировании Правительства, так и в более значительном усилении контрольных полномочий Парламента за деятельностью органов исполнительной власти. В статью 56 Конституции была внесена поправка, укрепляющая положение Мажилиса Парламента Республики Казахстан. В настоящее время согласие на назначение премьер-министра республики дает Мажилис, а не обе палаты Парламента, как было ранее, что укрепляет позиции Мажилиса. Кандидатура премьер-министра республики вносится на рассмотрение Мажилиса Президентом Республики Казахстан только после консультации с фракциями политических партий, представленных в Мажилисе (подпункт 3 ст. 44 Конституции Республики Казахстан). Представляется, что в этом случае укрепляется фундамент реального участия политических партий в деятельности высшего законодательного органа страны, что характерно для всех демократических государств.

Как было ранее сказано, возрастает ответственность Правительства перед высшим представительным органом. Это выражается в том, что Мажилису достаточно большинства голосов, чтобы выразить вотум недоверия Правительству (пункт 2 ст. 56 Конституции). Кроме того, Мажилис Парламента вправе выражать вотум недоверия и отдельным членам Правительства лишь простым большинством голосов по итогам заслушивания его отчета. В этом случае депутаты палаты принимают обращение к Президенту об освобождении от

должности члена Правительства в случае неисполнения им законов республики. Вышеуказанные конституционные новеллы призваны поднять на новый качественный уровень роль Парламента в формировании казахстанской государственности.

Осуществление конституционной реформы предполагается по следующим направлениям:

- усиление роли Парламента Республики Казахстан путем расширения объема его полномочий, а также увеличение численности депутатского корпуса в целом;
- демократизация избирательной системы Республики Казахстан путем введения пропорциональной системы выборов депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан;
- формирование Правительства на основе демократического принципа парламентского большинства и усиление контрольных функций Парламента РК за деятельностью Правительства;
- усиливается роль и значение прав человека в развитии правовой государственности Республики Казахстан, на что направлено фактическое упразднение смертной казни, судебное санкционирование ареста, а также усиление контрольных и надзорных функций центральных и местных органов власти, имеющих своей целью защиту и обеспечение прав и свобод человека и гражданина в Республике Казахстан. Повышается роль и значение института омбудсмена, а также Комиссии по правам человека при Президенте РК в функционировании институтов гражданского общества.

Заслуживают внимания изменения в Конституции, касающиеся повышения роли партий парламентского большинства в организации и деятельности Правительства, которое призвано проводить политику победившей партии.

В принципе не отрицая идеальной конструкции (когда законодательная власть принадлежит всему народу), Ш. Монтескье отмечал, что в больших государствах это невозможно, и констатирует дальше, что и в маленьких государствах это представляет большие неудобства, поэтому необходимо, «чтобы народ делал посредством представителей то, что он не может сделать сам». Развивая на практике данную теорию в многонациональном Казахстане, большой интерес представляет опыт работы Ассамблеи народов Казахстана, которая в настоящее время трансформирована в Ассамблею народа Казахстана. Особенно вызывает одобрение усиление роли этого конституционного института в целях консолидации казахстанского общества, которое наделено правом выдвижения депутатов Мажилиса, что способствует учету интересов крупных этносов в республике. Ассамблея народа Казахстана приобретает конституционный статус, что поднимает на новую ступень ее роль и авто-

ритет в многонациональном, многоконфессиональном Казахстане.

Статья 44 Конституции дополнена следующими положениями, согласно которым Президент республики образует Ассамблею народа Казахстана.

Весьма продуктивной является идея развития местного самоуправления, в которой отводится ключевая роль маслихатам как основе местного самоуправления. Право населения на местное самоуправление обеспечивается правом каждого гражданина Республики Казахстан на осуществление местного самоуправления. Оно закреплено в ст. 89 Конституции РК, согласно которой граждане имеют равные права на осуществление местного самоуправления как непосредственно, так и через своих представителей. Гражданам гарантируется право избирать и быть избранными в органы местного самоуправления, право равного доступа к государственной службе, право обращаться в органы местного самоуправления. В этой связи позитивными представляются изменения, направленные на повышение полномочий маслихатов, получающих право давать согласие на назначение соответствующих акимов. Повышается ответственность как самих маслихатов, так и депутатов маслихата, которые становятся новыми центрами политической силы на уровне регионов и области. Значительно возрастает их влияние на акимов, поскольку депутаты могут выразить вотум недоверия акиму простым большинством голосов, а не двумя третями голосов, как было ранее.

Считаем справедливыми установление равных сроков полномочий всех субъектов политической и государственной власти — от Президента до местных представительных органов.

Усиление роли представительных органов власти путем расширения функций явилось основным коррективом в действующую Конституцию Республики Казахстан, принятым Парламентом РК — высшим представительным органом республики.

Данные дополнения и изменения в Конституцию дают широкий круг полномочий, реализуемых в процессе мониторинга деятельности исполнительных органов власти. С уверенностью можно назвать принятые изменения и дополнения в Конституцию историческим этапом в становлении казахстанского конституционализма.

В целях дальнейшего строительства гражданского общества в Казахстане будет укрепляться роль неправительственных организаций и профсоюзов, а также средств массовой информации, что будет способствовать дальнейшему формированию высокой правовой культуры и правового сознания нашего населения.

Конституционная реформа в Казахстане проводится в интересах личности и общества, способствует дальнейшему развитию демократических процессов, формированию народовластных институтов, что, безусловно, создаст условия для совершенствования политической системы казахстанского общества и формирования казахстанского парламентаризма.

На наш взгляд, дальнейшее конституционное развитие Республики Казахстан прежде всего связано с реальным воплощением демократических идей и ценностей, заложенных в Основном Законе страны. На сегодняшний день имеющиеся демократические традиции и опыт казахстанской государственности позволяют объявить права, свободы и интересы личности приоритетными ценностями общества, находящимися под защитой государства. Государство как инструмент защиты граждан должно стать тем органом, который не только провозглашает, но и реализует общепризнанные демократические свободы и ценности.



# Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың 40 жылдығы қарсаңында!

## ҚарМУ музейінен фоторепортаж: университет кеше, бүгін

2012 жылы біздің университетімізге 40 жыл толады. Қырық жыл ішінде білім ордасы Қазақстандағы ірі жоғары оқу орындарының бірі болып қана қоймай, дәстүрлі білім берудің үздік үрдісі сақталған қасиетті қара шаңырақ атанып үлгерді. ҚарМУ өз туған күнін 1 наурыз күні тойлайды. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің және ҚазКСР министрлік Кеңесінің 1972 жылдың 7 ақпанындағы «Қарағанды мемлекеттік университетін құру туралы» қаулысында былай делінген: «...республикада университеттік білімі бар мамандарды даярлауды кеңейту мақсатында 1972 жылдың 1 наурызы-

нан бастап Қарағанды қаласындағы Қарағанды педагогикалық институтының базасында Қарағанды мемлекеттік университеті ұйымдастырылып, оқу жоспарына сәйкес 1972 жылдың 1 қыркүйегінен сабақ басталсын». ҚазКСР Астанасы Алматы қаласында орналасқан Қазақ мемлекеттік университетінен кейін еліміз бойынша ҚарМУ жоғары оқу орындарының арасында екінші орында болғандығын атап өткен жөн. 1972 жылдың қыркүйегінде күндізгі бөлімнің 395 студенті университет қабырғасын аттаса, кейіннен олардың қатары сырттай оқу бөлімінің 506 студентімен толықты. Бүгінде университеттің 13 фа-

культетінде 12 000-нан астам студент пен магистранттар білім алуға. Қазақстанның екінші университетінің құрылу тарихын ҚарМУ музейінің қызметкерлері сақтап келеді. Музейде қара шаңырақтың өткен тарихынан сыр беретін стендтік суреттер мен түрлі атрибуттар әзірленген. Музейдің ішін аралап жүріп өткенге қайта оралғандай болдық. Музейге жасаған экскурсиямыз шағын суреттік баян дайындауымызға түрткі болды. Университеттің кешегі келбеті мен бүгінгі бейнесі. Іргелі білім ошағының тарихы 1938 жылдан, бірінші мұғалімдік институттың құрылуынан бастау алады.



Киров көшесі бойында орналасқан Мұғалімдік институттың оқу ғимараты (1938 жыл). Бұған дейін мұнда облыстық әскери комиссия орналасқан еді. Мұғалімдерді дайындайтын оқу орнында екі факультет болған еді: филология және тарих.

Здание учебного корпуса Учительского института на ул. Кирова (1938 год). До этого здесь располагался облвоенкомат. В первой кузнице педагогических кадров было два факультета — филологический и исторический.



Оңтүстік-Шығыстың мына ғимаратында да 1995 жылға дейін педагогикалық институттың оқу ғимараттары орналасқан еді. Ал қазір бұл ҚарМУ ғимараты, мұнда филология және философия-психология факультеттерінің студенттері білім алуға.

А здесь, на Юго-Востоке, тоже до 1995 года были корпуса педагогического института, наследника первого педагогического вуза Караганды. Теперь это здания КарГУ, где обучаются студенты филологического факультета, а также факультета философии и психологии.



1941 жылы мұғалімдік институттың көптеген студенттері мен мұғалімдері майдан алаңына аттанды. Олардың басым көпшілігі қан майданда қаза тапты, олардың көзсіз ерлігі кейінгі толқынның жүрегінде мәңгіге сақталады.

В 1941 году многие студенты и преподаватели Учительского института ушли на фронт. Большинство полегли на полях сражений, но осталась память о героях в сердцах молодых поколений.



Бұл сурет филология факультетінің студенттік дәрісханасында түсірілген (1949 жыл). Соғыстан кейінгі қиын жылдар. Сол кездің өзінде оқу бірінші орында тұрды.

Фотография сделана в аудитории филологического факультета (1949 год). Трудные послевоенные годы. Но и тогда учеба была на первом месте!

ҚарМУ студенттері Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагерлерімен жыл сайын кездесіп, ерлердің жауынгерлік және еңбектік ерліктеріне бас иеді.

Студенты КарГУ ежегодно встречаются с ветеранами Великой Отечественной войны и ветеранами труда, преклоняясь перед их боевыми и трудовыми подвигами.



Оқытушылар емтихан үстінде қаталдық танытады. Осылайша 60 жылдары филология факультетінде мемлекеттік емтихан қабылданды.

Преподаватели всегда по-особому строги на экзаменах. Вот так принимали государственные экзамены на филологическом факультете в 60-е годы.



Міне, дәл осылай интерактивті тақта мен интернетті қолдана отыра 2011 жылдың студенттері білім алуға (шет тілдер факультеті)

А вот так, с использованием интерактивной доски и Интернета, обучаются студенты 2011 года (факультет иностранных языков).

Бүгінде емтихан алушының орнында — компьютер! Барлық емтиханды студенттер тест арқылы тапсырады. Дайындықтары бұрынғыдан артық болмаса, кем емес.

Теперь вместо экзаменатора — компьютер! Все экзамены студенты сдают тестами. И готовится нужно не меньше, чем раньше.



# Навстречу 40-летию КарГУ им. академика Е. А. Букетова!

## Фоторепортаж из музея КарГУ: университет вчера и сегодня

Нашему университету в марте 2012 года исполнится 40 лет. За эти четыре десятилетия вуз создал себе имя не только одного из крупнейших высших учебных заведений Казахстана, но и alma mater, где сохранились лучшие традиции классического образования. А сохранять было что.

Свой день рождения КарГУ отмечает 1 марта. В постановлении Центрального Комитета Коммунистической партии Казахстана и Совета Министров КазССР от 7 февраля 1972 года «Об организации Карагандинского государственного университета» указывалось: «...в целях расширения в республике подготовки специалистов с университетским

образованием организовать с 1 марта 1972 года в г. Караганде на базе Карагандинского педагогического института Карагандинский государственный университет, начав занятия по учебным планам с 1 сентября 1972 года». Надо отметить, что КарГУ стал вторым университетом республики после Казахского государственного университета, который находился в столице КазССР Алма-Ате. В сентябре 1972 года за парты сели всего 395 студентов дневного отделения, а чуть позже к ним присоединились 506 заочников. Сегодня же в университете обучается больше 12 000 бакалавров и магистрантов на 13 факультетах.

Историю создания второго университета Казахстана бережно хранят сотрудники музея КарГУ. Здесь на специальных стендах — уникальные фотографии и различные атрибуты, свидетельствующие о развитии нашей alma mater.

Мы прошлись по залам музея и сделали для вас небольшую фотозарисовку о том, каким был университет еще вчера и каким стал он сегодня.

А начиналось все с предыстории создания КарГУ, а точнее, с истории становления первого Учительского института в 1938 году...



Карагандының Оңтүстік-Шығысындағы жазықта университеттің қалашықты салу туралы шешім қабылданған болатын. Алғашқы іргетасын қалайтын орынды университеттің бірінші ректоры Е. А. Бөкетов, облыстық коммунистік партияның бірінші хатшысы М. И. Имашев, қалалық комитет төрағасы Н. О. Төлепов және өзге де адамдар таңдады. (1971 жыл).

Здесь, в степи на Юго-Востоке Караганды, и решено было строить университетский городок. Место для закладки первого камня выбрали первый ректор университета Е.А.Букетов, первый секретарь обкома партии М.И.Имашев, председатель горкома партии Н.О.Тулупов и др. (фото 1971 года).



Енді бұл жазықтың орнында ҚарМУ-дың бас ғимараты бой көтерді. 2011 жылдың 1 қыркүйегінде университет студенттердің жаңа буынын жылы шыраймен қарсы алмақ.

Теперь на этом пустыре стоит главный корпус КарГУ. 1 сентября 2011 года он распахнет двери перед новым поколением студентов.



Мына жерде ҚарМУ физика факультетінің іргетасы қаланды.

Здесь состоялась закладка фундамента корпуса физического факультета КарГУ.

Бүгінде физика факультетінің студенттері оқу дәрісханаларында оқумен қатар арнайы құралдармен жабдықталған зертханаларда ғылыми тәжірибелермен айналыса алады.

Теперь студенты-физики обучаются не только в учебных аудиториях, но и ставят научные эксперименты в специально оборудованных лабораториях.



Жаңа ғана ашылған оқу телевизиясының студиясында түсірілген бірінші телевизиялық бағдарламаның қатысушылары (1983 жыл).

Участники первой телевизионной передачи на студии только что открывшегося учебного телевидения (1983 год).

Оқу телевидения студиясы жас кадрларды дайындайтын алаңға айналды. Бұл жерде оқу фильмдері, жаңалық бағдарламалары түсіріледі. Режиссерлер мен авторлар – ҚарМУ студенттері мен оқытушылары.

Студия учебного телевидения стала площадкой для подготовки молодых кадров. Здесь снимаются учебные фильмы, новостные программы. В качестве режиссеров и авторов выступают преподаватели и студенты КарГУ.



ҚарМУ-дың бірінші ректоры – Е. А. Бөкетов. Ол көптеген атаққа ие болған еді: ғалым, жазушы, ақын, ҚазКСР ҒА академигі (1975), техника ғылымдарының докторы (1967) профессор, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1969), КСРО жазушылар одағының мүшесі. Бірақ Е. А. Бөкетов әрдайым өзін ұстазбын деп санаған.

Первый ректор КарГУ Е.А.Букетов. У него было много званий и регалий: ученый-химик, писатель, поэт, академик АН Казахской ССР (1975), доктор технических наук (1967), профессор, лауреат Государственной премии СССР (1969), член Союза писателей СССР. Но он всегда считал себя педагогом.

Е. А. Бөкетовтың ескерткіші бас ғимараттың алаңында 2006 жылдың желтоқсанында орнатылған. Бүгінде ескерткіш университетіміздің басты нышандарының бірі.

Памятник Е.А.Букетову установлен на площади перед главным корпусом в декабре 2006 года.

Сегодня это один из главных символов нашего университета.





# НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА – важная составляющая обучения в университете

Полноценное обучение в современном университете невозможно без библиотеки. От уровня организации библиотечного фонда, оперативности информационного и библиотечного обеспечения студентов, а также технологической и технической базы библиотеки зависит качество профессиональной подготовки и разностороннее развитие будущих специалистов. Поэтому в КарГУ им. Е. А. Букетова уделяется большое внимание модернизации научной библиотеки и обновлению ее ресурсов. Но вначале необходимо остановиться на истории ее развития, так как именно многолетняя история любой библиотеки позволяет пользователям определить, насколько богаты книжные фонды и какие сокровища знаний хранятся в них, насколько профессионально подготовлен персонал библиотеки выполнять главные функции по обеспечению студентов образовательной информацией.

Научная библиотека КарГУ им. Е. А. Букетова создана в 1938 году, одновременно с открытием Учительского института. Основой библиотечного фонда стали книги, привезенные из вузов Алма-Аты, Москвы, Ленинграда, Томска. С открытием различных специальностей приобреталась современная литература — учебники, монографии, словари, справочники, художественные издания и периодика. Расширялась сеть читальных залов и абонементов. Совершенствовалось информационное и справочно-библиографическое обслуживание всех категорий читателей и особенно первокурсников.

## Книжные фонды библиотеки

В настоящий момент библиотечный фонд университета составляет более чем 1 млн 700 тыс. экз. книг, журналов и других документов. Ежегодно он обновляется на 50 тыс. печатных и других документов. В фонд поступают издания на казахском, русском и иностранных языках — английском, немецком, французском и других. Основную часть фонда — более 70 % — составляет учебная и учебно-методическая литература. К ней относятся учебники, учебные пособия, курсы лекций, задачки, практикумы. Методические материалы в помощь изучению тех или иных дисциплин также поступают в библиотеку. Это учебно-методические комплексы, методические рекомендации, справочники для использования новейших технологий при изучении учебных дисциплин. Поскольку все студенты дневной формы обучаются по кредитной технологии, то библиотека обеспечивает их полным комплектом УМК в печатном виде и предоставляет возможность получать электронные варианты по элективному курсу. Студентам и родителям предоставляется возможность в читальных залах познакомиться с типовыми программами дисциплин выбранных специальностей. Учебно-методическая литература сосредоточена в учебных библиотеках по факультетам и выдается студентам по курсам на семестр.

Фонд научных изданий представляет собой собрание монографий, сборников научных статей, материалов конференций, энциклопедий, словарей, справочников. Главная цель этого фонда — способствовать углубленному изучению дисциплин учебного плана и развитию научно-исследовательской работы в университете. Научная литература используется студентами для написания курсовых, дипломных и других работ.

Фонды периодических изданий (журналов и газет), редких книг и художественной литературы формируются в библиотеке КарГУ много лет и призваны удовлетворять самые разносторонние интересы читателей — преподавателей, студентов, магистрантов. Особую ценность представляет литература по изучению иностранных языков, в том числе по многоуровневой системе обучения, например английского, китайского и других языков.

## Электронные ресурсы

Весь библиотечный фонд отражен в информационной справочно-поисковой системе — электронном каталоге, который создается в университете вот уже 15 лет по лицензионной программе ИРБИС, разработанной в одной из крупнейших научных библиотек мира. Возможности электронного каталога по поиску и библиографической и полнотекстовой информации чрезвычайно велики. Студенты могут искать публикации по автору, названию публикации, определенной тематике, ключевому слову, году издания, названию журнала или газеты. Электронный каталог доступен во всех учебных корпусах в библиотеках и на кафедрах, а также по Интернету с сайта библиотеки (<http://www.library.ksu.kz>). Для студентов, поступивших на 1-й курс, сотрудники библиотеки проводят занятия по получению навыков поиска учебной информации в информационных системах.

Важной составной частью библиотечного фонда являются электронные ресурсы в помощь учебному процессу по всем специальностям, создаваемые непосредственно в университете. Это «Электронная библиотека КарГУ им. Е. А. Букетова», в которой имеются цифровые аналоги печатных изданий учебной, научной и другой литературы, а также электронные учебники профессорско-преподавательского состава. В ее состав включены и электронные версии лекций преподавателей, которые читаются студентам в аудиториях, а также учебно-методических комплексов, без которых невозможно обучение при существующей кредитной технологии обучения. При подготовке к занятиям студенты могут переписать электронные презентации преподавателей, наглядно представляющие учебный материал. Электронные издания доступны в онлайн-режиме зарегистрированным пользователям. Образовательные материалы, коллекции по искусству на различных физических носителях — на CD-, DVD-дисках — доступны непосредственно в библиотеке. С 2008 года сотрудниками библиотеки развивается база данных с материалами для изучения дисциплин по программе полиязычного образования.

Для обеспечения информацией студентов, магистрантов и ученых в университете ведется подписка на специализированные базы данных с новейшей информацией на казахском, русском и английском языках. Это такие ресурсы, как Республиканская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ), правовые базы данных «Заң» и «Параграф», известные во всем мире научные банки данных EBSCO Publishing, Science, Elsevier, «Полпред».

С 1 июля 2011 года библиотека стала участницей мегапроекта «Купола сотрудничества: библиотеки», что позволило создать виртуальный читальный зал Российской государственной библиотеки (РГБ), в рамках которого обеспечивается доступ к электронной библиотеке диссертаций (ЭБД РГБ). Финансирование в течение всего года будет осуществлять Межгосударственный



фонд гуманитарного сотрудничества государств — участников СНГ (МФГС). В летний период текущего года предоставлялся бесплатный доступ к архивам журнальных публикаций Кембриджского университета.

Все ресурсы обновляются ежедневно, предоставляя актуальную полнотекстовую информацию по всем отраслям знаний. Перечисленные базы данных оказывают содействие не только при написании рефератов, докладов, курсовых, дипломных и магистерских работ, но и при разработке исследовательских и образовательных проектов.

В библиотеке создаются тематические базы данных: Alma mater КарГУ, «Академик Евней Арстанович Букетов», «Экология Центрального Казахстана», которыми студенты пользуются, как правило, уже с первых курсов. Одним из важных электронных ресурсов является веб-сайт научной библиотеки (<http://www.library.ksu.kz>), который информирует читателей о ресурсах, режиме работы, оказываемых услугах и обо всех изменениях и новостях, происходящих в библиотеке. Студенты на сайте могут узнать и о библиотечных мероприятиях, проводимых в университете. Сайт предоставляет возможность получать доступ к «Электронной библиотеке КарГУ им. Е. А. Букетова» по индивидуальному паролю, который можно получить в библиотеке (авторизованный доступ).

## Система библиотечного обслуживания

Информационное и справочно-библиографическое обслуживание студентов и других пользователей научной библиотеки осуществляется через разветвленную сеть читальных и электронных залов и абонементов для получения книг на дом. Так, в рамках библиотеки с нового учебного года работают уже 4 зала электронных ресурсов (в корпусах № 1, 3, 8, 9 и 1), а также мультимедийный зал, обеспечивающие работу студентов с электронными ресурсами, обучающими программами, учебными презентациями, электронными версиями УМК, лекций ППС и т. д. Предоставляется бесплатный доступ к Интернету. В залах оборудованы зоны для просмотра образовательных программ ТВ и работы с аудио- и видеоматериалами. Залы каталогов предоставляют в пользование электронные каталоги на весь библиотечный фонд университета. Во всех пунктах библиотечного обслуживания работают библиографы-консультанты и специалисты в области новейших технологий.

В читальных залах сосредоточены все обязательные экземпляры научной, учебной и учебно-методической литературы, текущие и ретроспективные газеты и журналы. В структуре библиотеки выделены специализированные залы: читальный зал редких книг, периодических изданий, литературы на иностранных языках, юридической ли-

тературы. Залы работают с 9.00 до 19.00 без перерыва. Читальные залы оборудованы доступом к Интернету с собственных ноутбуков. В каждом общежитии также имеется читальный зал, где можно позаниматься со своим учебным материалом и имеющейся там литературой — учебниками, художественной литературой, газетами и нормативно-правовыми материалами. Всего в университете работает 21 читальный зал, включая залы в общежитиях, рассчитанные на 1083 посадочных места. Студентам выдается единый читательский билет, который дает право пользоваться читальными залами всех учебных корпусов.

Студенты всех форм обучения могут получать литературу домой на абонементы, которые есть в каждом учебном корпусе. Всего в библиотеке оборудовано 11 абонементов, обеспечивающих студентов комплектами необходимой литературы по курсам и семестрам. Учебники по общеобразовательным дисциплинам имеют электронные версии, которые студент по желанию может получить в зале электронных ресурсов.

## Оказываемые услуги

Перечень услуг, оказываемых библиотекой, достаточно обширен. Это информационно-библиотечные обязательные и дополнительные услуги. В качестве обязательных услуг студенты получают информацию о новых книгах и публикациях в журналах и газетах (электронный каталог), об интеллектуальных ресурсах университета. Для этого оформляются выставки и просмотры литературы, проводятся дни информации, дни дипломников, распространяются экспресс-информации и информационные листки, издаются печатные каталоги и бюллетени. Выполняются библиографические справки по подбору информации по теме, дисциплине, осуществляется консультирование по поиску информации. В образовательных целях предоставляется бесплатный доступ к глобальной сети Интернет. По требованию пользователей организуется электронная доставка документов (учебных материалов) из других библиотек Казахстана.

В зале электронных ресурсов предоставляется возможность переписывать необходимый материал в электронном формате. На определенный период студенты могут создавать «личные кабинеты» на библиотечных компьютерах. Всем желающим оказываются сервисные услуги: распечатка материалов, сканирование, копирование информации на флеш-карты и другие носители, ксерокопирование, ламинирование и переплет документов. Таким образом, в КарГУ им. Е. А. Букетова создаются большие возможности для получения качественного современного образования.

